

## **Еңбекшіқазақ ауданында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы**

Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 22 қазандағы № VIII-30-143 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына сәйкес, Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес, Еңбекшіқазақ ауданында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес, Еңбекшіқазақ ауданында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл (қала) тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының төрағасы*

*Б. Ахметов*  
Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының  
2024 жылғы 22 қазандағы № VIII-30-  
143 шешіміне 1-қосымша

## **Еңбекшіқазақ ауданында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Еңбекшіқазақ ауданында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) әзірленді және аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны – аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ, ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (

жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

## **2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтің әкімі ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізуді ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауылдың, шағын ауданның, көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, шағын ауданда, көшеде, көппәтерлі үйде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін тиісті аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының  
2024 жылғы 22 қазандағы № VIII-30-  
143 шешіміне 2-қосымша

### **Еңбекшіқазақ ауданында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл (қала) тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Қала, ауылдық округ атауы	Ауылдардың (қала) атауы	Әрбір бөлек жиынан қатысатын өкілдер саны	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысатын өкілдердің жалпы саны
1	Есік қаласы	Есік	1	60-тан кем емес
2	Ават	Ават	1	20-дан кем емес

3	Ақши	Ақши	1	20-дан кем емес
		Казатком	3	
		Қайрат	3	
		Саз	3	
4	Асы	Қызылшарық	1	20-дан кем емес
		Асысаға	2	
		Дихан	3	
		Жаңашаруа	3	
		Қайрат	2	
		Сарығау	1	
		Таусүгір	1	
5	Бәйдібек би	Бәйдібек би	1	20-дан кем емес
6	Бәйтерек	Бәйтерек	1	30-дан кем емес
		Алға	3	
		Қойшыбек	3	
7	Балтабай	Балтабай	1	20-дан кем емес
		Ақбастау	2	
		Ақтоғай	3	
		Бірлік	2	
		Еңбек	2	
		Күш	3	
		Өрнек	3	
8	Бартоғай	Х.Бижанов	1	20-дан кем емес
		Байсеит	1	
9	Бөлек	Бөлек	2	20-дан кем емес
		Аймен	2	
		Қарасай	2	
10	Жаңашар	Жаңашар	1	20-дан кем емес
		Базаркелді	3	
		Космос	2	
11	Көктөбе	Көктөбе	1	30-дан кем емес
		Қызылжар	1	
		Алмалы	2	
		Төле би	2	
12	Қазақстан	Қазақстан	1	30-дан кем емес
		Қайыпов	2	
		Ащыбұлақ	1	
13	Қаражота	Қаражота	2	15-тен кем емес
		Ақтоған	2	
		Сарыбұлақ	2	
14	Қаракемер	Қаракемер	1	20-дан кем емес
		Сатай	3	

		Талдыбұлақ	2	
15	Қаратұрық	Қаратұрық	1	30-дан кем емес
		Тауқаратұрық	2	
		Ащысай	1	
		Достық	1	
		Лавар	3	
		Арна	3	
16	Қорам	Қорам	1	20-дан кем емес
17	Қырбалтабай	Қырбалтабай	2	15-тен кем емес
		Ақжал	3	
		Екпінді	3	
		Қайнар	3	
		Шалқар	3	
18	Малыбай	Малыбай	1	15-тен кем емес
19	Масақ	Қ. Ұлтарақов	2	20-дан кем емес
		Нұрлы	2	
20	Рахат	Рахат	2	50-ден кем емес
		Өрікті	2	
		Қайназар	1	
		Азат	1	
21	Саймасай	Саймасай	1	20-дан кем емес
		Амагелді	2	
22	Сөгеті	Нұра	2	15-тен кем емес
		Көкпек	1	
23	Ташкенсаз	Ташкенсаз	1	15-тен кем емес
		Баяндай	2	
		Құлжа	3	
24	Тескенсу	Тескенсу	1	20-дан кем емес
		Көлді	3	
		Толқын	3	
25	Түрген	Түрген	1	30-дан кем емес
		Таутүрген	3	
26	Шелек	Шелек	1	50-ден кем емес
		Май	2	
		Торғайбаз	3	